

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ақтоған ауылдық округі, Досбол датқа ауылындағы атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 08 қыркүйектегі № 02-2/10 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасын , тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 қорытындысына сәйкес Ақтоған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтоған ауылдық округі, Досбол датқа ауылының келесі көшелеріне:
 - атауы жоқ көшеге "Әлі Ділманов" есімі;
 - атауы жоқ көшеге "Қазыхан Айымқұловтың" есімі берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өтекен соң қолданысқа енгізілсін.

Ақтоған ауылдық округі әкімі

Е.Ахметов